



**Егемен Қазақстан**  
**газетінің PDF нұсқасы**

## Ұлттың кодын сақтау – ұлтты сақтау



Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тұжырымдамасы ақиқатты Алаш жұртының алдына жайып салған, Абайша айтсақ, «Сылдырап өңкей келісімнен» тұратын жүректің көзі, тілектің сөзі. Аққудың қанатынан ән естіріп, тұлпардың тұяғынан күй тындаған қазақ деген қасиетті жұрттың, Қазақстан деген қастерлі елдің ханы мен қарашасының жанының нұры, көңілінің сыры бірге толқып жатса санамыздың сара даңғылға түскені. Бұл бір бүгінгі ұрпақ темір-қазықтай кие тұтып, болашаққа бағдар етер тұжырым тұнған сөз.

«Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, заман сырынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды», делінген онда.

Ұлттық рухани-тамыр... Бағаналы бәйтеректің бұтағын жел шайқап, дауыл тербеткен талай. Заманалар желі, ғасырлар дауылы.

Сол тамыры терең бәйтерек сонау көшпенділер өркениетінен аман жетіп ХХІ ғасырдың бастауынан нәр алып күнге қарап жапырағын жайып тұр. Бұл кезең – жер-жаһанда ақыл-ойдың аламанға түскен уақыты.

«Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіз құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», делінген Елбасымыздың осы еңбегінде. Түйткілді шешер түйінді ой осы. Ұлттың болмысын, елдің тұтастығын сақтау – сізге де, бізге де сын. Шындық іздеген боп шығанға шықпай, «Жаным – арымның садағасы» дейтін қазақи қағиданың ауылынан алыс қонбасақ құдай тілеуімізді берер.

Осы ой толғаудың үшінші бөлігі «Ұлттық бірегейлікті сақтау» деп аталыпты. Онда: «Ұлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс», делінген.

Осы санаттағы «Қазақстандағы 100 жаңа есім» идеясы, «Туған жер» бағдарламасы ел мен жердің ертенін ойлаған арналы толғаныстардың жемісі. Жақсылықтар мен игіліктер жария болуға тиіс. Жақсы адамдар, жомарт жүректі жандар жанымызда жүр. Бүгінгі күннің кейіпкерлерін насихаттау, бүгінгі күннің бүтін сөзін айту – міндеттің үлкені.

Жақында «Қазақстан» телеарнасының «Айтуға оңай» бағдарламасына қонақ етіп шақырды. Туған жеріне көмегі тиген азаматтар жөнінде хабар екен. Солардың ішінде менің ауылдасым, сонау Жаңаарқаның «Жеңіс» ауылынан келген Қайрат Көпбаев деген іні-бауырымды көріп, қуанып қалдым. Жеке қожалық иесі, жылқышы Қайрат ауылға спорт кешенін салыпты. Оның құны 110 миллион теңге екен. Тұсаукесерін жасап, ауыл әкіміне өткізіп беріпті. «Одан саған түсер не пайда бар?» – деген тележүргізуші сұрағына:

«Ауылдың балаларына керек емес пе?» – деп күлім қағады Қайрат бауырым. Міне, «Туған жер» идеясының қолдаушысы, міне, бүгінгі күннің кейіпкері.

«Гүлстан» журналының редакторы, белгілі кәсіпкер Гөзел Құлжабаева қарындасымызбен көптен араласып тұрамын. Өз ауылы «Басши», «Нұрым» деген елді мекендерден бірнеше бақ орнатқан, гүлге бөлеген. Қазақстанда оның кәсібінен үлгі алып жүргендер де көп. Арманы – қазақтың жерін гүлге көмкеру, баққа орау.

Кешегі Бұқар жырау бабамыз: «Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз: жат жанынан түңілсін, айнала алмай ат өлсін, айыра алмай жат өлсін», – деп бекер өсиет айтып кетті дейсіз бе?

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» сара да дара жолдың бастауында ел Көшбасшысының үкілі үміті, аялы арманы.

«Кемедегінің жаны бір» дейді қазақ. Ұлттың кодын сақтау деген сөз – ұлтты сақтау деген сөз. Екі дәуір мен екі ғасыр тоғысында жаңғырудың жаңа бағытын Елбасы өзі ұсынып отыр.

Менің де, сенің де Отаның – Қазақстан, бауырым! Одан басқа түгіміз де жоқ.

Барымыз да, бағымыз да, бақытымыз да – Қазақстан!

Болашақтың бағдары баршамыздың арманымызды аяласын.

***Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,***

***ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,***

***Қазақстан Жазушылар одағы Басқарма төрағасының бірінші орынбасары***